**БЕКІТІЛДІ**
**«ҮМЗ» АҚ барлық дауыс**
**беретін акцияларына ие**
**Жалғыз акционердің**

**(«18» қараша 2021 ж.**
**№ 14(21))**
**шешімі**

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНЫҢ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ

2021ж. «30» декабря Тіркелді
Құрылтай құжаттарына (ережеге) енгізілген өзгерту мен толықтырулар
БСН 941040000097

# *«Үлбі металлургиялық зауыты» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР мен ТОЛЫҚТЫРУЛАР*

**Қазақстан Республикасы**
**Өскемен қ.**
**2021 ж.**

**«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының**
**ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР мен ТОЛЫҚТЫРУЛАР,**

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының «ҮМЗ» АҚ барлық дауыс беретін акцияларына ие Жалғыз акционердің 2019 жылғы 28 қарашадағы № 11/19 Шешімімен бекітілген Жарғысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1.Бүкіл мәтін бойынша «аффилиирленген», «аффилиирленгені», «аффилиирлену» деген сөздер тиісінше «үлестес», «үлестестігі», «үлестестік» деген сөздермен ауыстырылсын;

2.19-тармақта:

1) 19.2-тармақшаның 19.2.9-абзацы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«19.2.9. мыналардың қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу:

19.2.9.1. негізінде құрамында ниобий және титан бар асқынөткізгіш материалдар;

19.2.9.2. бериллий, оның қорытпалары және лигатуралары, құрамында бериллий бар материлдар;

19.2.9.3. отын таблеткаларын өндіру кезінде түзілетін молибден;

19.2.9.4. ниобий, тантал;

19.2.9.5. құрамында фтор бар материалдар.»;

2) 19.3-тармақшаның 19.3.26-абзацы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«19.3.26. «ҮМЗ» АҚ және «ҮМЗ» АҚ аумағында орналасқан «ҮМЗ» АҚ еншілес ұйымдарының өз мұқтаждығы үшін арнайы полигондарында алдын ала сәйкестендіре отырып, барлық деңгейлі (кез келген түстік жіктелім) және қауіптілік сыныптарындағы қалдықтарды, соның ішінде радиоактивті қалдықтар мен иондаушы сәулелендіру көздерін өңдеу, бөлу және сақтау»;

3) 19.3-тармақ мазмұны төмендегідей 19.3.34 – 19.3.35-абзацтармен толықтырылсын:

«19.3.34. АҚ балансындағы өндірістік, кеңсе және басқа тағайындалуы бар жылжымайтын мүлікті жалға беру;

19.3.35. өзге санаттарға қосылмаған басқа машиналарды, құрал-жабдықтарды және материалдық құралдарды жалға беру.»;

4) 19.4-тармақтың 19.4.7-абзацы алып тасталсын;

3. 3-тарау мазмұны төмендегідей 20-1-тармақпен толықтырылсын:

«20-1. АҚ қайырымдылық (демеушілік) көмекті «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен көзделген тәртіпте бекітілетін «Самұрық-Қазына» АҚ тобының Қайырымдылық бағдарламасымен көзделген жағдайлардан басқа жағдайда АҚ қайырымдылық (демеушілік) көмек көрсетуге құқы жоқ.»

4. 28-тармақтың 28.4, 28.5-тармақшалары келесі редакцияда мазмұндалсын:

«28.4. АҚ жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу Жалғыз акционер (Акционерлердің жалпы жиналысы) АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс.

АҚ-да немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде, немесе номиналды ұстаушының есебі жүйесінде акционердің жаңартылған деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, АҚ жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде, талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа жүзеге асырылуға тиіс.

28.5. АҚ артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу дивидендтерді алу құқығы бар акционерлердің тізімі жасалған күннен кейін тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

АҚ-да немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде, немесе номиналды ұстаушының есебі жүйесінде акционердің жаңартылған деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, АҚ артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде, талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін орталық депозитарийде ашылған шотқа жүзеге асырылуға тиіс.»;

5. 44-тармақтың 44.23-тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«44.23. Нәтижесінде елу және одан да көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны АҚ активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті АҚ сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені АҚ-ның жасауы туралы шешім қабылдауы;»;

6. 117-тармақта:

1) 117.38, 117.63–тармақшалары келесі редакцияда мазмұндалсын:

«117.38. Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысын бағалау туралы есептерді, АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау туралы есепті қарастыру;»;

«117.63. ІАҚ қызметкерлерінің қызметінің маңызды көрсеткіштерін бекіту және сыйлықақы төлеу үшін олардың орындалуын бекіту;»;

2) мазмұны төмендегідей 117.70-1- 117.70-3–тармақшалармен толықтырылсын:

«117.70-1. АҚ Басқармасының қаржылық-шаруашылық қызмет туралы есебін қарастыру;

117.70-2. Сомасы мәміле жасау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми курсы бойынша 500 000 (бес жүз мың) АҚШ долларына тең немесе артық ұлттық валютада немесе кез келген шетел валютасында АҚ Тантал және Бериллий өндірістерінің дайын өнімін сату бойынша АҚ мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;

117.70-3. тәуекел және комплаенс жөніндегі офицерін тағайындау, өкілеттік мерзімін белгілеу, өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар тәуекел және комплаенс жөніндегі офицердің лауазымдық еңбекақы мөлшерін және еңбек төлемі, сыйлықақы төлеу және әлеуметтік қолдау жағдайларын айқындау, тәуекел және комплаенс жөніндегі офицер туралы қағиданы бекіту.».

7. 121-тармағы мазмұны төмендегідей 121.1-тармақшамен толықтырылсын:

«121.1 АҚ Директорлар кеңесі төрағасының рөлі мен атқаратын қызметтері, сонымен қатар АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі АҚ Директорлар кеңесі туралы қағидада бекітілген.»;

8. 122-тармақтың бесінші абзацы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсыныстар дайындау үшін АҚ-да Директорлар кеңесі комитеттері құрылады. Директорлар кеңесі комитеттерінің мәртібесі және құзыреті, құру және жұмыс тәртібі, олардың саны, сондай-ақ сандық құрамы, комитет мүшелерінің құқықтары мен міндеттері «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі туралы қағидамен және/немесе АҚ Директорлар кеңесі бекіткен АҚ-тың басқа ішкі құжаттарымен белгіленеді.»;

9. Мазмұны төмендегідей 129-1-тармақпен толықтырылсын:

«129-1. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелерді қарастыру және осы мәселелер бойынша шешім қабылдау тек Директорлар кеңесінің көзбе-көз дауыс беру нысанындағы отырыстарында жүзеге асырылады. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер тізбесі және қарастыру мерзімі АҚ Жалғыс акционері (Акционерлердің жалпы жиналысы) бекітетін АҚ Директорлар кеңесі туралы қағидада айқындалады.»;

10. 130-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«130. АҚ Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол АҚ Директорлар кеңесінің отырысы өткен күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жасалып, оған АҚ Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық еткен адам мен АҚ Корпоративтік хатшысы қол қоюға және онда:

130.1. АҚ атқарушы органының толық фирмалық атауы және орналасқан жері;

130.2. АҚ Директорлар кеңесі отырысының өткізілген күні, уақыты және орны;

130.3. АҚ Директорлар кеңесі отырысына қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

130.4. Отырыстың кворумын айқындау туралы ақпарат;

130.5. АҚ Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;

130.6. Директорлар кеңесінің алдыңғы отырыстарында қабылданған шешімдерге шолу және оларды жүзеге асыру нәтижелерін бағалау;

130.7. дауысқа қойылған мәселелер және АҚ Директорлар кеңесінің әр мүшесінің АҚ Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;

130.8. күн тәртібінің жеке мәселелері бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің мүдделер қақтығысы туралы ақпарат (бар болған жағдайда);

130.9. отырыс қатысушыларының талқылауы және негізгі аргументтер/контраргументтер, сұрақ және жауаптары, түсініктеме және ұсыныстары туралы ақпарат ;

130.10. қажетті іс-әрекет туралы негіздеме себептері, ақпаратты, нақты мерзімдері мен жауапты тұлғалар туралы ақпаратпен қоса күн тәртібінің мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің ұсыныстары;

130.11. қабылданған шешімдер;

130.12. егер Директорлар кеңесі сәйкес комитеттің ұсыныстарына қайшы келетін шешім қабылдаған жағдайда, комитеттің ұсыныстары назарға алынбау себептерін түсіндіру;

130.13. күн тәртібінің мәселелері және қабылданатын шешімдер бойыншаДиректорлар кеңесі мүшелерінің ерекше пікірі (бар болған жағдайда);

130.14. АҚ Директорлар кеңесінің шешімдері бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс.»;

11. 139-тармақ келесіредакциядамазмұндалсын:

«139. АҚ Басқармасының мүшелері АҚ Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. АҚ Басқармасының Төрағасы басқа заңды тұлғаның атқарушы органының басшысының немесе атқарушы органның функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға, немесе қызмет мәні қаржылық қызметтерді көрсету болып табылатын шетел заңды тұлғасының филиалының басшысы лауазымын атқаруға құқығы жоқ»;

12. 140-тармақ мазмұны төмендегідей 140.11-1-тармақпен толықтырылсын:

«140.11-1. АҚ Директорлар кеңесінің қарауына АҚ Басқармасының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы есепті ұсыну;».

**«Үлбі металлургиялық зауыты»**
**акционерлік қоғамының**
**Басқарма Төрағасы** **С.В. Бежецкий**

**УТВЕРЖДЕНЫ**
**Решением Единственного акционера,**
**владеющего всеми голосующими**
**акциями АО «УМЗ»**
**(№ 14/21**
**от «18» ноября 2021 г.)**

# ИЗМЕНЕНИЯ и ДОПОЛНЕНИЯ
# в УСТАВ
# *АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА*
# *«Ульбинский металлургический завод»*

**Республика Казахстан**
**г. Усть-Каменогорск**
**2021 г.**

# ИЗМЕНЕНИЯ и ДОПОЛНЕНИЯ в УСТАВ
## Акционерного общества
## «Ульбинский металлургический завод»,

Внести в Устав Акционерного общества «Ульбинский металлургический завод», утвержденный Решением Единственного акционера, владеющего всеми голосующими акциями АО «УМЗ», № 11/19 от 28 ноября 2019 года, следующие изменения и дополнения:

1.По всему тексту слова «аффилиированных», «аффилиированными», «аффилиированности», заменить соответственно словами «аффилированных», «аффилированными», «аффилированности»;

2.В пункте 19:

1) абзац 19.2.9 подпункта 19.2 изложить в следующей редакции:

«19.2.9. сбор (заготовка), хранение, переработка и реализация отходов:

19.2.9.1. сверхпроводящих материалов, содержащих в основе ниобий и титан;

19.2.9.2. бериллия, его сплавов и лигатур, бериллийсодержащих материалов;

19.2.9.3. молибдена, образующегося при производстве топливных таблеток;

19.2.9.4. ниобия, тантала;

19.2.9.5. **фторсодержащих материалов**.»;

2) абзац 19.3.26 подпункта 19.3 изложить в следующей редакции:

«19.3.26. обработка, распределение и хранение отходов всех уровней (любой цветовой классификации) и классов опасности, в том числе радиоактивных отходов и источников ионизирующего излучения с предварительной идентификацией на специальных полигонах для собственных нужд АО «УМЗ» **и дочерних организаций АО «УМЗ», расположенных на территории АО «УМЗ»**;»;

3) подпункт 19.3 дополнить абзацами 19.3.34 – 19.3.35 следующего содержания:

«19.3.34. сдача в аренду недвижимого имущества находящегося на балансе АО производственного, офисного и прочего назначения;

19.3.35. **аренда прочих машин, оборудования и материальных средств, не включенных в другие категории**.»;

4) абзац 19.4.7 подпункта 19.4 исключить;

3. Раздел 3 дополнить пунктом 20-1 следующего содержания:

«20-1. АО не вправе оказывать благотворительную (спонсорскую) помощь за исключением случаев, когда оказание АО благотворительной (спонсорской) помощи предусмотрено Благотворительной программой группы АО «Самрук-Қазына», утверждаемой в порядке, предусмотренной Законом Республики Казахстан «О Фонде национального благосостояния.»

4. Подпункты 28.4, 28.5 пункта 28 изложить в следующей редакции:

«28.4. Выплата дивидендов по простым акциям АО должна быть осуществлена не позднее девяноста календарных дней с даты, следующей за датой принятия Единственным акционером (Общим собранием акционеров) решения о выплате дивидендов по простым акциям АО.

В случае отсутствия сведений об актуальных реквизитах акционера у АО или в системе реестров держателей ценных бумаг, **или системе учета номинального держания** выплата дивидендов по простым акциям АО должна быть осуществлена в порядке и сроки, определенные нормативным правовым актом уполномоченного органа, на счет, открытый в центральном депозитарии для учета невостребованных денег.

28.5. Выплата дивидендов по привилегированным акциям АО должна быть осуществлена не позднее девяноста дней после даты составления списка акционеров, имеющих право получения дивидендов.

В случае отсутствия сведений об актуальных реквизитах акционера у АО или в системе реестров держателей ценных бумаг, **или системе учета номинального держания** выплата дивидендов по привилегированным акциям АО должна быть осуществлена в порядке и сроки,

определенные нормативным правовым актом уполномоченного органа, на счет, открытый в центральном депозитарии для учета невостребованных денег.»;

5. Подпункт 44.23 пункта 44изложить в следующей редакции:

«44.23. принятие решения о заключении АО крупной сделки, в результате которой (которых) АО приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости активов АО на дату принятия решения о сделке, в результате которой (которых) приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) пятьдесят и более процентов от общего размера балансовой стоимости его активов;»;

6. В пункте 117:

1) подпункты 117.38, 117.63 изложить в следующей редакции:

«117.38. рассмотрение отчетов об оценке работы Совета директоров и комитетов Совета директоров, отчета о соблюдении принципов и положений Кодекса корпоративного управления АО»;

«117.63. утверждение ключевых показателей деятельности работников СВА **и утверждение их исполнения для премирования**»;

2) дополнить подпунктами 117.70-1- 117.70-3 следующего содержания:

«117.70-1. рассмотрение отчета Правления АО о финансово-хозяйственной деятельности;

117.70-2. принятие решения о заключении АО сделок по реализации готовой продукции Танталового и Бериллиевого производства АО, сумма которых в национальной валюте или любой иностранной валюте составляет или превышает сумму, эквивалентную 500 000 (пятьсот тысяч) долларов США по официальному курсу Национального Банка Республики Казахстан на дату сделки;

117.70-3. назначение, определение срока полномочий офицера по рискам и комплаенс, досрочное прекращение его полномочий, а также определение размера должностного оклада и условий оплаты труда, премирования и социальной поддержки офицера по рискам и комплаенс, утверждение положения об офицере по рискам и комплаенс.».

7. Пункт 121 дополнить подпунктом 121.1 следующего содержания:

«121.1 Роль и функции председателя Совета директоров АО, а также права, обязанности и ответственность членов Совета директоров АО закреплены в Положении о Совете директоров АО.»;

8. Абзац пятый пункта 122 изложить в следующей редакции:

«Для рассмотрения наиболее важных вопросов и подготовки рекомендаций Совету директоров в АО создаются комитеты Совета директоров. **Статус и компетенция,** порядок формирования и работы комитетов Советов директоров, их количество, а также количественный состав, **права и обязанности членов комитетов** устанавливаются Положением о Совете директоров АО «УМЗ» и/или иными внутренними документами АО, утверждаемыми Советом директоров АО»;

9. Дополнить пунктом 129-1 следующего содержания:

«129-1. Рассмотрение и принятие решений по вопросам важного и стратегического характера осуществляется только на заседаниях Совета директоров с очной формой голосования. Перечень и срок рассмотрения вопросов важного и стратегического характера определяется Положением о Совете директоров АО, утверждаемым Единственным акционером АО (Общим собранием акционеров).»;

10. Пункт 130 изложить в следующей редакции:

«130. Решения Совета директоров АО, принимаемые на его заседании, проведенном в очном порядке, оформляются протоколом, который подписывается лицом, председательствующим на заседании Совета директоров АО, и Корпоративным секретарем

АО в течение 7 (семи) календарных дней со дня проведения заседания Совета директоров АО и должен содержать:

130.1. полное фирменное наименование и место нахождения исполнительного органа АО;

130.2. дату, время и место проведения заседания Совета директоров АО;

130.3. сведения о лицах, участвовавших в заседании Совета директоров АО;

130.4. **информацию о наличии кворума заседания;**

130.5. повестку дня заседания Совета директоров АО;

130.6. **обзор решений, принятых на предыдущих заседаниях Совета директоров и оценку результатов их реализации;**

130.7. вопросы, поставленные на голосование, и итоги голосования по ним с отражением результата голосования каждого члена Совета директоров АО по каждому вопросу повестки дня заседания Совета директоров АО;

**130.8. информация о конфликте интересов членов Совета директоров по отдельным вопросам повестки дня (при его наличии);**

**130.9. информация об обсуждениях и основных аргументах/контраргументах, вопросах и ответах, комментариях и предложениях участников заседания;**

**130.10. рекомендации Совета директоров по вопросам повестки дня, включая обоснование причин, информацию о необходимых действиях, точных сроках и ответственных лицах;**

130.11. принятые решения;

**130.12. в случае, если Совет директоров принимает решение, противоречащее рекомендациям соответствующего комитета, объяснение причин, по которым рекомендации комитета не были приняты во внимание;**

130.13. **особые мнения членов Совета директоров по вопросам повестки дня и принимаемым решениям (при их наличии);**

130.14. иные сведения по решению Совета директоров АО.»;

11. Пункт 139 изложить в следующей редакции:

«139. Члены Правления АО имеют право работать в других юридических лицах только с согласия Совета директоров АО. Председатель Правления АО не имеет право занимать должность руководителя исполнительного органа либо лица, единолично осуществляющего функции исполнительного органа, другого юридического лица, **либо занимать должность руководителя филиала иностранного юридического лица, предметом деятельности которого является оказание финансовых услуг**»;

12. пункт 140 дополнить подпунктом 140.11-1 следующего содержания:

«140.11-1. представление на рассмотрение Советом директоров АО отчёта Правления АО о финансово-хозяйственной деятельности;».

**Председатель Правления**
**Акционерного общества**
**«Ульбинский металлургический завод»** [подпись] **С.В. Бежецкий**

Оныншы желтоқсан екі мың жиырма бірінші жылы. Мен, Касенжарова Клара Амангельдыевна, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетімен 2014 жылы 07 сәуірде берілген № 14004646 мемлекеттік лицензиясы, Шығыс Қазақстан облысы нотариаттық аймағының нотариусы, Менің қатысуыммен **«Үлбі металлургиялық зауыты»** акционерлік қоғамының басқарма төрағасының аз. **Бежецкий Сергей Владимировичнын** қойған қолының түпнұсқалығын куәландырамын. Өкілдің жеке басы анықталды, оның әрекетке қабілеттілігі және өкілеттілігі, сондай-ақ **«Үлбі металлургиялық зауыты»** акционерлік қоғамының құқықтық қабілеттілігі тексерілді.

Десятое декабря две тысячи двадцать первого года. Я, Касенжарова Клара Амангельдыевна, нотариус нотариального округа Восточно-Казахстанской области, государственная лицензия № 14014871 выдана 07 апреля 2014 года Комитетом регистрационной службы и оказания правовой помощи Министерства юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Председателя Правления **Акционерного общества «Ульбинский металлургический завод»** гр. **Бежецкого Сергея Владимировича,** которая сделана в моем присутствии. Личность представителя установлена, дееспособность его и полномочия, а также правоспособность **Акционерного общества «Ульбинский металлургический завод»** проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 2791
Взыскано: 1547 тенге
НОТАРИУС:

ES75047292112101236331252244D
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

Осы құжат тігілген Тоғыз (9) беті нөмірленген

Данный документ прошнурован и пронумерован на 9 листах

Нотариус Касенжарова К. Амангельдыевна

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ * 07 сәуір 2014 жылы ҚР ӘМ тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті берген № 14004646 лицензиясы * Лицензия № 14004646 выдана Комитетом рег-ной службы и оказания правовой помощи МЮ РК от 07 апреля 2014 г. * Жеке нотариус * Частный нотариус * КАСЕНЖАРОВА КЛАРА АМАНГЕЛЬДЫЕВНА * ҚАЗАҚСТАН